



11 2003
4825к

ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

Сабырхан Асанов

*Қоштасқым
келмейді*







КАЗИРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

Сабырхан Асанов

*Қоштасқым
келмейді*

Өлеңдер


Алматы
«Жазушы»
2004

ББК 84 қаз 7-5

А 87

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.*

Асанов С.

А 87 Қоштасқым келмейді: Өлендер.— Алматы:
Жазушы, 2004.— 296 бет.

ISBN 9965-701-57-1

Ақын Сабырхан Асановтың бұл жыр кітабына өмірінің соңғы жылдарында, яғни 1994–1995 жылдары жазылған жаңа жырларымен бірге бұрынғы кітаптарында жарық көрмеген өлендері топтастырылып отыр.

А $\frac{4702250202-074}{402(05)-04}$ құлақтандырусыз — 2004 ББК 84 қаз 7-5

ISBN 9965-701-57-1

© «Жазушы» баспасы, 2004

САБЫРХАН АҚЫН ЖАЙЛЫ СЫР

Сабырхан ақынмен тұңғыш қалай кездескенім есімде қалыпты. «Пионер» журналының жас қызметкерімін. Университетті жаңа бітіріп, алға қараған күндерім ғой. Мен үмітпен қарасам, ел де маған үмітпен қараған екен-ау.

Бір күні бір сымбатты сұлу жігіттің маған келгені, оның өлендерінің қай газетке, қай журналға да жарайтыны, мен оның болашағына бал ашып қарағаным, «Пионерге» деген өлендерін өзім алып, қалған өлендерін «Жұлдыз» журналына алып бар деп ақыл бергенім және жәрдемдес деп журналға, сол журналдың поэзия бөлімін басқарып отырған Шәмілге телефон соққаным бүгінгідей есімде.

Мен Сабырхан жолынан көз жазбаған екем. Екеуміз жастайымыздан жақындасып кеткен екенбіз.

Қанаттасып ұшқанымыз, аға-іні боп жүргеніміз әдебиетші қауымға, оның ішінде ақындарға әбден мәлім еді.

Сабырхан жол білетін, жөн білетін, үлкенді аға деп аялайтын, кішіні іні деп еркелететін ерекше туған азамат еді. Оның жыл аралатып шыққан өлең кітаптарын кезінде оқып, одан ләззат алатын дос ағаларының бірі мен едім. Өзіміздің Қадыр да, кеше дүниеден өткен Сағи мен Шәміл де Сабырханның дос тұтқан, аға тұтқан бауырлары еді. Сабырханның біздің әдебиетке комсомолдан келген прозашы бауырымыз Қалаубекпен достығы, халқымыздың атақты перзенті, сазгер ағасы Шәмшімен, өзінің құрдасы, аса талантты сазгер Әсетпен достығы ерекше достық еді. Жырлай білгенге жыр болатын аса бір аяулы, нәзік достыққа Сабырхан жүрегі махаббатпен тіл қатушы еді. Сабырхан бүкіл дүниені сүйетін жарық жұлдыздардың бірі еді.

Оның қырғызда да, өзбекте де ақын, жазушы достары көп еді. Оларға арналған жырлары осы айтып отырған пікірлерімізге әбден дәлел бола алады.

*«Қырғыз бауырым,
Азбас-тозбас ақылым,
Шоң шайырым
асқақтаған ақыным.
Алатаудың бір тұрған қос шыңындай
Сенсің менің ажырамас жақыным.*

*Сен де едің бір,
Мен де едім бір жас арман.
Қуанғаннан көзге талай жас алған.
Бір сұлуға біткен екі бұрымбыз,
Екі өзенбіз бір-ақ таудан бас алған»,—*

деп келетін қырғыз қаламгері Өскен Даникеевке арнаған өлеңімен екі халықтың достығы әдемі де әсем жырланып тұрған сияқты. Сабырханның достыққа, достарына арнаған жырларынан жеке кітап шығаруға болатын.

Ашылған көңіл, кең пейіл, ыстық жүрек дүниенің бәрін жат көрмейді, жатырқамайды.

Осы қолымыздағы жыр топтамаларын оқи отырып, Сабырхан өзіміз бастан кешкен ХХ ғасырдағы қазақ ақындарының ішіндегі нағыз лирик екен-ау деген ойға келдім мен. Ол көктем мен күзді, жаны да сұлу, тәні де сұлу махаббат үшін жаралған ғажайып қызды, асыл ананы, ардақты әпкені әсем жырларымен еркін аялаған екен. Сабырхан жырлаған көктемдер естен кетпейтін аяулы көктемдер.

*Көз алдымда жасыл бояу, көк бояу,
Жер мен көкте одан басқа жоқ бояу.
Қимай-қимай қалғып кеткен жандардың
Іштерінде қанша көктем кетті ояу.*

*...Жасыл жалған жапырағы жайқалған,
Самал соқса, тал-терегі шайқалған.
Саған деген сағынышым бар менің,
Тілім жетіп айта алмайды-ау, айта алман.*

Өмір болған соң өкініші болмай қоя ма?! Сабырхан жырларында өмірдің өкініші де, арманы да, тәттісі де, ащысы да шебер тілмен, сезгіш ділмен әсем жырланады.

Төрт аяғы тең түскен жорғадай, бөйгелердің алдынан келетін жүйріктей тұлпар жырлардан алатын ләззат

қаншама. Бір оқысаң оқи бергің келетін, жүрегінді арманға, нұрға, қуанышқа бөлейтін лирикаларға, сол лирикалардың авторы өзіміз кеше бірге жүрген асыл азамат досқа деген көңіл алғысы да аз емес менде.

*«Ақ мамық бұлттар
аспанда ұшса тізіліп,
Ұялып қана,
Оянып бізде қыз-үміт,
Жап-жарық қылып
жаһанды шалған жүзіне,
Қарадың жерден, қарадық қанша қызығып.
Ақ мамық бұлттар, алыстап кеткен арман-ай,
Созсам да қанша,
қолымның жетпей қалғаны-ай.
Өтермін қалай,
Кетермін қалай өмірден,
Бір сәтке болсын
екі арамызды жалғамай».*

Арманшыл ақын не ойламайды. Ол жалғыз өзі мынау жұлдыз толы аспанның да, бақ толы, бақыт толы жердің иесіндей, өзі сүйген осы кең дүниемен еркін сырласалы. Біресе мұңын шағады оған, біресе арманын айтады, жеткенін айтып желкілдейді, кеткенін айтып кейіп қалатын да кездері бар.

Сабырханның өзінің асыл, аяулы жары, өмірінің ең биік, ең адал досы — Шолпан қызға арнаған өлендері бір төбе.

*Сонау-сонау шырқауларда
Қанша күлдік, күрсіндік.
Айналады екен бастар
Биіктерде бір сұмдық.
Сонда да біз құламайық,
Сонда да біз шыдайық.
Бақыт қайда тұратынын
Жердегі бар білсін жұрт».*

Бұл Сабырханның соңғы жазған жырларының бірі екен. Қолынан қаламын ешуақытта тастамаған ақынның үміті алғы жылдарда, ғасырларда өшпек емес. Қазақ

өлеңі сөз болса, оның ішіндегі қазақ лирикасы сөз болса, Сабырхан сияқты салмақты да салауатты, алғыр да терең ақынын аттап өту мүмкін емесіне бұрын да, бүгін де куәлік ете алам. Өз өлеңдерінде мәңгіліктің ақыны бола алдым ба деген көп күдік де айтады екен ақын.

Сабырхан өз замандастары: сол Сағидын, сол Жүмекеннің, сол Шәмілдің, сол Төлеген мен Жүсіптің, сол Әділбек пен Құдаштың қатарында өлең сүйген жүректерде жасай береді. Оның өлеңдері туралы үлкен ғылыми жұмыстар, диссертациялар жазылар күндер де алыс емес.

Сабырхан жүрегі – нұрлы, шуақты арманшыл жүрек. Ол өзінің армандай өмірімен, көпшіл көңілімен біз жасап жатқан жаңа ғасырды да көрді деп ойлаймын. Оның орны тірілер арасында.

**Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,
Қазақстанның халық жазушысы.**

Бірінші бөлім

БОСТАНДЫҚ ЖЕЛІ



БОСТАНДЫҚ ЖЕЛІ

Бостандық желі,
быт-шыт та ғылып талқандап,
бұғауды бұзды қойған бір бізді арқандап.
Өнменнен өте қарауын қойды көздер де,
ойнауын қойды шоқпар мен таяқ арқамда.

Бостандық желі,
қара бұлттарды ұшырып,
жоқ қылды сәтін тұратын жасын түсіріп.
Тіресіп қалса,
төбелер, асқар тауларда,
тең екенімді тұратын болды түсініп.

Бостандық желі,
теңіздерімді сапырып,
көк жайлау етті шөлімді ыстық, қапырық.
Сайын даламда сәйгүліктерім шұрқырап,
қыраным шықты көгіме еркін атылып.

Бостандық желі,
екпініменен бір қатты,
күйшілерімді,
әншілерімді шырқатты.
Біраздан бері бұйығып қалған гүлзарлар,
қыз болып күліп,
жүректен шырын сыр тартты.

Бостандық желі,
бостандық желі, о, тоба,
жалауын тікті жүгіріп қырға, жотаға,
Ай-күннің нұры ақ сүттей көктен құйылып,
ақ түйе тұрды алаңсыз ғана боталап.

Бостандық желі,
ол қанша қымбат, атақ, ат,
от болып лаулап,
кеудеде жанған махаббат.
Ұмыту үшін мың жылғы көрген қорлықты,
Жылағың жерге келеді екен жата қап.

Бостандық желі,
емес ол құр сөз, құр атақ,
бар қазақ соны бас шұлғып бүгін тұр атап.
Не істесең де,
не қылсаң да — өз еркінде,
бұл неткен ғажап,
бұл неткен ғажап — рахат!

* * *

Жел еседі,
еркіндік желі еседі,
секілденіп елімнің келешегі.
Кеше ғана
бұл өзі арман еді,
кеше ғана
бұл өзі елес еді.

Желі еседі,
еркіндік, азаттықтың,
дегендей-ақ
осымен азап бітті.
Жайнандайды
жарымай жатса дағы,
жарқылдайды
жасындай қазақ, тіпті.

Жел еседі, еркіндік, бостандықтың,
быт-шыт қылған
бұғаудың қастандықтың.
Ортақтықты
осынау қуанышты,
жүрегінің
мұңы бар достан күттім.

22.04.1999 ж.

Кең төсіне қаптатып қала салған,
кең даламның, білемін, болашағы — ән.
Егемендік алғанға елтіп жүрмін,
есін жияр болмаса бала-шағам.

Бұлғандаған қараңыз бойға мына,
кіріскен бір жандаймын той қамына.
Халқым күліп жатқанда сөз болып па,
қарынның бұл ашқаны, тойғаны да.

Тарықсақ біз біраз жыл тарығармыз,
есесіне, құлдықтан арылармыз.
Атам қазақ айтқандай сосын, сосын,
ақ түйенің қарны боп жарылармыз.

Ата дала,
аяулы ана дала,
қамқор дала,
қашаннан пана дала,
құл боп онда жүргенше қарным тойып,
аштан өліп қалмаймын неге ғана?!

Қаншама сыр мұңыма қосқан мұңын.
сүйіншім бар сұрайтын достан бүгін.
Сахарамда самаладай еркін ескен,
бостандығым,
ол менің бостандығым!

ОРДАБАСЫ ЖЫРЛАРЫ

Бірінші жыр

Ордабасы,
асқақтаған ата жер,
күрметпенен бүгін бір тіл қатады ел.
Бірлігімнің,
тірлігімнің басы боп,
оттай жанған Оңтүстікте жата бер.

Жанарымды жібермейсің арбап тым,
алты алашқа аты кеткен ардақтым,

Қасиеттім,
қанша даудан құтқарған,
топырағыңа тәжім етпей қалмақ кім?!

Атақ-даңқың аспан-көкпен теңессе,
қанша ғасыр сақтап қалды ел сені еске.
Төле,
Қазыбек,
Әйтеке би ізімен,
бар жайсаңым басын қосты кеңеске.

Арасында бар қаншама тарланым,
арқалаған атам қазақ арманын.
Жүрегінен жыр жаратқан ақын бар,
тебіrentкен терең ойды бар ғалым.

Асқарлары ақылдың да, ардың да,
аласармас айдай әлем алдында.
Әкім
малшы,
дихандар жүр жадырап,
ел сұлтаны — Нұрсұлтан да бар мұнда.

Бәрі-бәрі,
бәрі саған келіп тұр,
бәрі келіп құшағыңа еніп тұр.
Балуан да білектерін сыбанса,
бәйге іздеген жүйріктер де желікті.

Ән-жырыңды аспандат та әуелет,
бір сағыныш тұр кеудеде мәуелеп.
Думаныңды досың көріп қуансын,
Ерлігіңді бағаласын жау ерек.

Ай астында алтыбақан тебілсін,
кімдер оны қызықтаудан ерінсін.
Көптен бері дұға-тілек жетпеген,
Батаңызға аруақтар бөгілсін.

Үш данаңа берілгенде ас мұнда,
қарақұрым жұрт айналсын тасқынға.
Қаптап мына Қырға, Сырға сыймасын,
тілегі осы көрінің де, жастың да.

Бірі қалмай саған сәлем жолдайды ел
өзінде өтер аз қызықты молдай гөр,

Бір кездері бабаларды қолдаған,
Ордабасы, біздерді де қолдай гөр,
Ордабасы, біздерді де қолдай гөр!

Екінші жыр

Әулиелер,
Пайғамбарлар,
Асқарлар,
Патшадан да,
Басқадан да асқандар.
Бар қазақтың басын қосып кеткендер,
бар дұшпанның көкірегін басқандар.

Барлық қазақ сондарынан ергендер,
бар қазақтың жолын тауып бергендер.
Миуабак мына жатқан жалғаннан
бар қазақтың несібесін тергендер!

Бар қазақпен бірге еріп, көшкендер,
бір боп мәңгі,
біте қайнасып өскендер.
Бар қазақтың қамын ойлап, қамығып,
бастарынан ұйқысыз түн кешкендер.

Қаһарларың қас дұшпанды құлатқан,
қамқор үнің кетпей қалған құлақтан,
Сендерсіндер асқандарға тосқан боп,
жетім менен жесірлерді жұбатқан.

Бұлғандаған қыздарды да өсірген,
басу айтқан жігіттерге есірген.
Арамдардың алдын орап аттатпай,
аңқаулардың аңғалдығын кешірген.

Сендерсіндер Алатаулар — биіктер,
алдарыңа қанша қарыз сүйікті ел.
Сендерсің — қасқырлардан қорғаған,
қорықпастан қырда ойнаса киіктер.

Күн де шығып,
көк те жанып, қайнаса,
сендер барда тұтылмайды ай да аса.
Сендерсіндер сеніп арқа сүйері,
ақын біткен бұлбұл болып сайраса.

Сендер бар деп,
самал да ескен, жел ескен,
сендер бар деп,
балуандар белдескен.
Сендер бар деп сәби тыныш ойнаған,
жатса дағы сөзге тілі келместен.

Ғұламалар,
дариялар,
даналар,
сендер бар деп,
ұрпақ күтті аналар.
Кең далада қалың орман болдыңдар,
Қырғи қуған торғай келіп паналар.

Бірің – төбе, Төле би боп аталдың,
Қазыбек би – алды болдың қатардың.
Әйтеке би, өзің аман тұрғанда,
көз алартып қарауға әсте батар кім?!

Алаулаған ақ таң туса алдан көп,
аңсаған ел одан көзін алған жоқ.
Өздерің кеп кеңес құрған бір кезде,
Ордабасым дейтін жерде арман жоқ.

Сендерді іздеп кімдер оған барған жоқ,
кімдер барып,
риза боп қалған жоқ.
Өздеріндей өткен ата-бабасы
бұл күндері біздерде де арман жоқ,
бұл күндері біздерде де арман жоқ!

Үшінші жыр

*Әні бар. Композитор Мыңжасар
Маңғытаев жазған. Ол ән Ордабасыда
өткен ұлы жиында Қазақстан мем-
лекеттік әнұранынан кейін екінші боп
орындалды.*

Әруақты бабалардың мекені,
белгілі ғой берекелі екені.
Атақ -данқы бұрыннан да бар еді,
Атақ-данқы қазірде оның жетеді.

Қайырмасы:

Ордабасы – қасиетті жер аты,
Ордабасы – жердің сұлу жәннаты.

Ордабасы — болашаққа, биікке,
казағымның алып ұшар қанаты.

Сай-салалы кең даланың көсілген,
самалы бар ертелі-кеш есілген.
Бір кез мұнда мәлім болып тағдыры,
бір кез мұнда жүрер жолы шешілген.

Алауласа еркіндіктің нұр таңы,
Ерлік жыры жаңғыртады қырканы,
бірлік жыры жаңғыртады қырканы,
шырқайды оны Ордабасы ұрпағы!

* * *

Жоқ болсам да,
бар болсам да — шыдаймын,
қуансам да,
қор болсам да — шыдаймын,
басыбайлы болмасаң сен болғаны,
Қазақстан дейтін менің шырайлым.

Артық-ауыс сөзге де мен — шыдаймын,
кейде аларған көзге де мен — шыдаймын,
басқа жұртқа бағынбасаң болғаны,
Қазақстан дейтін менің шырайлым.

Есемді аздау алсам да мен — шыдаймын.
ескерусіз қалсам да мен — шыдаймын.
басқа жұртқа жалынбасаң болғаны.
Қазақстан дейтін менің шырайлым.

Десін, десін, десін мейлі, кәрі бұл,
көкірегім әрі бақша, әрі гүл.
сен басқаға басынды имей тұрғанда,
мен бақытты бола берем бәрі бір!

ШЕКАРАЛАР

Шекаралар өзен, көлді аттауда,
кесіп өтіп,
құрық салып ақ тауға.
Шекаралар қажет бізге ауадай,
елдік пенен еркіндікті сақтауға.

Кейде тіп-тік,
кейде кетіп бұрылып,
жатқанымен,
шекаралар — ұлылық.
Шекаралар — тас қамалдар, қорғандар,
қара ниет жандар жатар ұрынып.

Сондықтан да ол қасиетті, қастерлі,
тағзым етіп қарт та келді, жас келді.
Сондықтан да,
шекарада ұстаймыз,
күндіз-түні қас қақпайтын әскерді.

Пайдаланып тауын, ойын тасасын.
шекаралар болу қазір аса сын.
Сақтық үшін сарып еткен жігерін,
біздің берік шекаралар жасасын!

КОСМОНАВТПЫН

Космонавтпын,
туғаннан космонавтпын,
қарқынына мың қарқын қосқан аттың.
Күндіз демей,
түн демей
ту сыртымнан
естітемін суылын қос қанаттың.

Жарқыраған,
жайнаған төрінде күн,
аралаудан әлемді ерінбедім:
қойнынында космостық кеме ғұсап,
зулап кетіп барады Жерім менің...

МАХАМБЕТТІҢ ХАНҒА АЙТҚАНЫ

Бұл Жайықта асқан кім бар өзімнен,
бір халқым деп айрылдым-ау төзімнен.
Мал мен тағың қанша қызықтырғанмен
садаға кет жалғыз ауыз сөзімнен.

Ата-баба дәулетімен алшандап,
сен әзірге алсаң бақыт, алсаң бақ.

Мен жарқырап күнге айналған кезімде,
жарар еді-ау көлеңкем боп қалсаң да.

Кіресілі-шығасылы есі бар,
ел де бөлкім, қадірімді кеш ұғар.
Мен өлмесін десең егер мәңгілік,
«Қараойға» кеп,
ғазиз басты кесіп ал.

Қара түндер қарақшылар өңмендер,
Мекке болар мені олар көмген жер.
Қанша ғасыр халық шұбар басыма,
жеңеді өстіп өлмегенді өлгендер.

Гүл егілер мен жатқан қыр, ойға да,
өтер онда аза емес, той ғана.
Қарсы келсең,
боларың хақ қарабет.
қасиетті қара сөзбен ойнама

Ал, әзірге жайнап, жанып тұр тағың,
қанша мықты болса да, оны құртамын.
Маған қанша алғыс айтып, арнаса,
саған сонша қарғыс айтар ұрпағың!

* * *

Көкжиекте жатыр Жоңғар таулары,
аспан астын алып жатқан аумағы.
Қатпар-қатпар болып жатқан сол таулар,
жүрегімді бір жолата жаулады.

Қанша заман өткен, қырғын, күрестен,
әрқайсысы өз сыбағасын үлескен.
Қайғыдай боп қатқанменен тастары,
үміттей боп құшағына гүл өскен.

Қанша заман қалың елдің мұң-зарын,
қабырғасы қайысып бір тыңдады.
Төңірегін түгел қоршап тұр асқақ,
Қаракерей Қабанбайдың шындары.

Қанша заман қалың елді үркітіп,
қанша заман тек сойылды пір тұтып,
шапқыншылық көрген мына көп таулар,
тек жақсылық күнді ғана тұр күтіп.

* * *

Талай да талай шіренген,
жігіттер өткен бұл дүние.
Төбесі көкке тірелген,
жігіттер өткен бұл дүние.
Талай да талай бұралған
сұлулар өткен бұл дүние.
Кеудесі толы бір арман,
ұлылар өткен бұл дүние.

Шығындай таңның тап-таза,
ақындар өткен бұл дүние.
Қайтарған жауын, қаптаса,
батырлар өткен бұл дүние.
Қаһары тауды құлатқан,
патшалар өткен бұл дүние.
Жеткізген хабар жырақтан,
атшабар өткен бұл дүние.

Қайтейін бәрін көп тізіп,
төзімі тарлан бұл дүние.
Барлығын,
бәрін өткізіп,
өзі бір қалған бұл дүние.

* * *

Қарауылдан басқаны
көрмей кеткен, ұлы Абай,
қайғысызға қарсы кеп,
көнбей кеткен, ұлы Абай.
Аспасаң да асқар тау,
кешпесенде мұхитты,
сен орнатқан күмбез — жыр
тұр ғой әлі құламай.
Айналайын, ұлы Абай!

Әйгерімнен басқаны
білмей кеткен, ұлы Абай,
басқа жерде, басқа елде
күлмей кеткен, ұлы Абай.
Сен жырлаған махаббат
сонда да асқақ, аяулы,
жеті атамнан қалған бір
тот баспайтын мұрадай.
Айналайын, ұлы Абай!

Аз ауылдан көп түйін
шешіп кеткен, ұлы Абай.
сондықтан да, ертерек
көшіп кеткен, ұлы Абай.
Қыраным-ай қараған
тайсалмастан алысқа,
сені бүгін отырмын
еске алмасқа шыдамай,
Айналайын, ұлы Абай!

Қуаныш та жұбаныш —
болғандығың, барлығың,
жүректерге жүруде
зорлықсыз-ақ жарлығың.
Теңізім-ай толқыған,
мұхитым-ай шалқыған,
ұмыттырар кей-кейде
мына өмірдің тарлығын!

30.11.1990 ж.

* * *

Сен неғып тұрсың, Алатау,
басыңды аппақ қар басып,
өтіп те жатты не заман,
қасында сенің арбасып.
Қанша бір тұлпар болса да,
тұяғы қалай сынбасын,
қанша бір сұңқар болса да,
қанаты қалай талмасын?!

Тұрасың ыңғай маңқиып,
қарап бір мынау әлемге,
бірдей бір қарап бар халық,
бірдей бір қарап бар елге.
Қиқу да қиқу күн кешіп,
Өткен сол ата-бабадан,
қойны бір қоншың тола ма,
біздерге жеткен сәлемге.

Тұра бер тауым, тұра бер,
талайға әлі қарарсың,
талайдың көңлін аулауға,
талай бір ғасыр жарарсың.

Бізден де кейін келетін
қанша бір қанша ұрпаққа,
бізден де қалған сәлемді
бір өзің айтып барарсың.

Сондықтан мәңгі тұра бер,
қабыл ап мезгіл жарлығын,
куә етер қанша күлкі мен
куә етер қанша зарлы күн.
Өткінші жаңбыр секілді,
өткінші мына өмірде,
біздерге медеу, жұбаныш,
бір сенің ғана барлығың...

* * *

Күндер мынау қызығымды ұрлаған,
таңқалмаймыз кейде нансыз қалсақ та.
Тәуелсіздік алған елім бір маған,
тәуелді боп өткен күнді аңсатпа!

Тілемейтін,
қалмайтын күй өңге,
тұрса гүлдеп маған өлке, өңір, бел,
арлы-адал ерлеріңе сүйен де,
арлы-адал ерлеріңе көңіл бөл!

Қорашсынба,
күле алмаса күлкіні,
қорашсынба,
күйбең қағып жүрсе олар.
Басыңа күн туа қалса бір күні,
оттан,
судан алып шығар бір солар.

Күндіз-түні көз байлаған бықсық көп,
қанша байлық көз алдымда таланды.
Сен шашырап кетпес үшін быт-шыт боп,
ерлер керек қара нардай табанды.

Әлемнің әр түкпірінде, тілінде,
сен туралы айтылмайтын сөз қалмас.
Мақталғанмен,
датталарсың бірінде.
тау тұлғалы жандар керек қозғалмас.

Бір күн түгіл,
жүз күн түгіл,
мың күнде,
мен жақсынды тауыспасын мақтап бар.
Түбі керек боп қалуы мүмкін деп,
Сақтай алсаң,
соларынды сақтап қал!

* * *

Қанша рет қалған аман бұл елімнен,
есен-сау бұл шақтан да өтер елім.
Мен мынау әлсіз соққан жүрегіммен,
қайғысын күллі әлемнің көтерімін.

23.04.1991 ж.

ТОЛҒАНЫС

Өмір жайлы,
өзім жайлы толғанам,
толғанады етек-жеңі мол далам.
Толғанады тұрған үнсіз тауларым,
көкірегі толған өлең, толған ән.

Толғанады жасы үлкен ағалар,
жақсы іні жақсы ағаны жағалар.
Толғанады көпті көрген көне көз
қариялар...
жан табылса бағалар.

Толғанады құрбы-құрдас, қарындас,
сүйген жарың толғаныстан арылмас.
Кеше туған ұлың қызың толғанса,
қуаныштан жүрек қалай жарылмас.

Толғанады халық, қауым, ұлы Отан,
толғанысты ұнатам-ау, ұнатам.
Толғанады күйіп-жанған қызыл кеш,
жаны аппақ жарқыраған бұла таң...

Жер мен көктің бәрі-бәрі толғаныс,
толғаныстар сілтейді ұзақ жолды алыс.
Толғантады болашақтар болжамы,
толғантпайды біткен іс пен болған іс.

Жүз шайысса бір ел сірә бір елмен,
толғаныссыз жібіспесін білем мен.
Толғаныстар ғана мына заманда
тұйықтардан құтқарады тірелген.

Толғанған жан беттен әсте алмайды,
толғаныс бар жерде көңіл қалмайды.
Тірегі ол тұтам-қарыс тірліктің,
өмірлерге өмір қосып жалғайды.

* * *

Алғанменен алты алаш азат ғұмыр,
қайда қоям қалмайтын азапты бұл.
Сөзбен қалай, қайтып мен түземекпін,
Абай түзей алмаған қазақты бұл.

Осы уайым шықпайды кіл есімнен,
сондықтан да кем ұйқтап, күлесің кем.
Ақты ақ деп дәлелдей алмаған соң,
біздің дағы күн өтер тіресумен.

Қысы-жазы құлпырар мінсіз өңір,
ырза болып болысар кім сізге бір.
Жанарымда жас болып тұрар тұнып,
бас бармағын шайнаған құнсыз өмір!

ҰЛЫ ЕДІҢ

Ұлы едің,
шыныменен ұлы едің,
әділет пен ақиқаттың құлы едің.
Сені еске алсам,
сағыныштан жылаймын,
жылап тұрып қуанамын, күлемін,
Ұлы едің,
шыныменен ұлы едің.

Алып едің,
асқар ала таулардай,
аспаныңда ақша бұлттар аунардай.
Басқан жерде аяғыңды,
бас кетсін,
табаныңды тұрушы едің аудармай.

Тұтас едін,
бөлшектене білмейтін,
ұсақтықты көзге сірә ілмейтін.
Өмір бойы
біреу соны бағалап,
өмір бойы
біреу соны күндейтін.

Өтгін-кетгін дүниеге паң қарап,
жарқыраған айдын ақыл, таң қабақ.
Қазығынан айырылған қаңбақтай,
қанша жұртың қаңғып қалды қаңғалақ.

Көк асфальті күйіп-жанып күнсіген,
сенсіз мына Алматыда күрсінем.
Тас бұлақтың тамшысындай мөлдір ең.
кісі ұқпас қыз сырындай тылсым ең.

Екі иықты сенен қалған ой басты,
өзің тойған ойға сол кім тоймасты.
Маңдайыма біткен дара, жалғыз ең,
ал, жалғызы іздеттірмей қоймасты...

ӨЗІҢСІҢ...

Өз қылығың өзіне сор әкелді,
Соған әлі жетпей жүр ме көзің шын.
Сталин кеп әкеткен жоқ Сәкенді,
Мағжанды да ұстап берген өзіңсің.

Қысқа өмірде көріп қалған талайды,
көңіл қалай емін-еркін көз ілсін.
Орыс келіп сабаған жоқ Абайды,
оған дағы қол көтерген өзіңсің.

Кіресілі-шығасылы сасқан ес,
құлауға да қалды-ау аз-ақ төзім-шын.
Қытай да емес,
қалмақ та емес,
басқа емес,
Махамбеттің басын кескен де өзіңсің.

Тарам-тарам етіп бетті жуады —
көзден қызыл қан ағады қалай да...

Жақсыларың жалғыз-жалғыз туады,
халқым, аздап, абайласай, абайла!

* * *

Бұл не қылған қым-қуыт күн,
нұр заман,
бір-біріне ырза да емес,
ырза адам.
Кең жайылса қазекеннің даласы,
күңіренген бір жағы — күй,
бір жағы — ән.

ЖҮРПІ ЖАТЫР

1

Екі қарға бір-бірін бұлбұл деді,
екі мәстек бір-бірін дүлдүл деді.
Екі арам бір-бірін адал деді...
Қарап тұрып оларға күлгім келді.

Біразының көрініп алдары кең,
камқорсып көп сөйлесті қалғанымен.
Бір ғажабы —
олардың дәл осылай
еместігін сендіре алмадым мен.

2

Кейбіреуі күмпиіп ойда жоқта,
қарап тұрып айналды жәй мазаққа.
Мынау — мынау,
ал, анау — анау ғой деп,
жеткізерсің сыбырлап қай қазаққа.

Біреу білмей,
біреулер біліп жатыр,
біреу күлмей,
біреулер күліп жатыр.
Жақсы менен жаманын айыра алмай,
жүріп жатыр,
Біздің ел, жүріп жатыр!

9.10.1993 ж.